

А 2015  
1489 к

Тілеуберді Әбенайұлы  
Тыныбайын

**ШЫҢҒЫСХАННЫҢ  
АТА МЕКЕНІ МЕН АТА ТЕГІ  
ЖӘНЕ  
ТІЛІ МЕН ДІНІ  
(ТӨРТ ДӘЛЕЛ)**

*2014-жылы 27-маусымда ҚР ҰҒА-ның президиумында  
жасалған баяндама негізінде кеңейтіп жазылды*



112218 114896

**Тілеуберді Әбенайұлы  
Тыныбайын**

**ШЫҢҒЫСХАННЫҢ АТАМЕКЕНІ МЕН  
АТАТЕГІ ЖӘНЕ ТІЛІ МЕН ДІНІ  
(ТӨРТ ДӘЛЕЛ)**

2014-жылы 27-маусымда ҚР ҰҒА-ның президиу-  
мында жасалған баяндама негізінде  
кеңейтіліп жазылды

Алматы  
Шапағат-Нұр  
2014

94(=572.1)(=572.3)

ӘОЖ 930

КБЖ 63.2

Т 93

Т93

Тілеуберді Ә. Т.

Т93 “Шыңғысханның атамекені мен ататегі және тілі мен діні”

Ә. Т. Тілеуберді .– Алматы: Шапағат-нұр, 2014.–196бет


ISBN 978-9965-582-83-7

Автор бұл еңбегінде ұлы Шыңғысханның атамекені қазақ даласында болғанын, сондай-ақ осынау тұлғаның түрік текті, түрік тілді, ислам дінді екенін тарихи құжаттар негізінде және этнографиялық, этнолингвистикалық, эфиграфикалық талдаулар арқылы нанымды түрде дәлелдеп көрсеткен. Еліміздің бірқанша беделді ғалымдары автор еңбегін «Автордың зерттеу жұмыстары Шыңғысхантанудағы әрі жаңа, әрі дұрыс бағыт» деп бағалауда.

ӘОЖ

КБЖ63.2

ISBN 978-9965-582-83-7cm



с Тілеуберді Ә. Т.

## АЛҒЫ СӨЗ

Тілеуберді Әбенәйұлының есімі зиялы қауым арасында соңғы жылдары жақсы мәлім болып қалды. Ол – елімізге тәуелсіздіктің арқасында оралған талантты бауырларымыздың бірі. Жоғары білімді, Қытай университеттерінде бірнеше мамандық алған. Сол елдің тілі мен жазуын жетік меңгерген. Сондықтан қытай тіліндегі қазақ тарихына қатысты көне еңбектерді қаузап оқып, туған халқын кеңестік тарихшылардың тісі батпаған көптеген құнды деректермен таныстырып жүр. Оның қаламынан туған еңбектердегі тарихи дәйектемелер түпнұсқалығымен ерекшеленеді. Айталық, ол «Моңғолдың құпия шежіресі». «Жәмиғ ат-тауарих», Күлтегін құлпытасындағы көне қытайша мәтін қатарлы тарихи құжаттарды түпнұсқадан және көне қытайшадан тікелей қазақшаға аударған, оларға жүйелі зерттеу жүргізген алғашқы әрі ұлттық маман. Тілеубердінің «Құпия шежіренің құпиясы» атты 50 баспа табақтық және «Түтел тауарихтың түбінде не жатыр?» атты 28 баспа табақтық көлемді зерттеу еңбектері қоғамда күшті аңыс қозғады. Құлыптасындағы көне қытайша, көне түрікше мәтіндерді талдауға арналған «Ата жазу алыстан сыр қозғайды» деген зерттеу еңбегі де оқырманның жоғары бағасын алып отыр.

Ол еліміздің іші-сыртындағы қазақ зерттеу-шілері арасында шынғысхантанумен жүйелі шұғылданып келе жатқан бірден-бір маман десек болады. Жоғарыда аталған екі кітаптан басқа «Шыныңа көш, тарих! Шынғысхан кім?», «Шынғысхан әулеті туралы бастау мәліметтер не дейді?» деп аталатын еңбектері жарық көрген. Қолыңыздағы «Шынғысханның атамекені мен ататегі және тілі мен діні» немесе «Төрт дәлел» атты бұл еңбек, Тілеубердінің осы тақырыпқа арналған бесінші кітабы. Бұлардан өзге Плато Карпинидің «Маңғұл тарихын». Уиллиям Рубруктің «Шығысқа сапар естелігін» қытайша нұсқасынан тәржімәлап бастырды. Жалпы алғанда, әртүрлі басылымдарда жарияланып жүрген мақалаларын айтпағанда, атажұртқа кел-

геннен бергі жеті-сегіз жылда тоғыз кітап жариялапты. Қалың оқырманның сұранысына сай екі кітабы қайта басылып шықты, сонымен бірге орыс тіліне де **аударылып** басылды. Атап өтерлік жәйт – автор осы кітаптардың барлығын қазақ тарихына жанашырлық танытушы демеушілердің («Асар-Құрылыс», «Нұрлы-Әлем», «Аг & Жап», т.б.) қаржысымен шығарып келеді.

Автордың қолыңыздағы Шыңғысхан тақыры- бына арналған кезекті бұл еңбегінде: «Ұлы қағанның атамекені қайда еді, ата-тегі кім еді, ол қай тілде сөйлеген, қайсы дінге сенген?» – деген сұрақтарға жүйелі жауап берілген. Сонымен қатар бұл кітапта көптеген этноним, топоним, гидронимдерге жан-жақты, кей тұстарда мүлде тың түсіндірмелер ұсынылады. Автор өзінің зерттеу жұмысы барысында бастан-аяқ тарихи құжаттардағы нақты деректерге тереңдей үңіліп, олардан қыруар тың дәйектеме суыртпақтайды. Оған қоса автор қазақ шежіресіне де жиі жүгініп, салыстырмалы талдау жасау арқылы нанымды тұжырымдар түйе білген. Тілеубердінің бір ұтар жері – ол мектепті таза қазақ тілінде бітірген, сондықтан оның қазақы тіл байлығы өте мол да терең. Ол, сондай-ақ, жоғары оқу орындарында қытайшамен қатар ұйғыр және көне түрік тілдерін де үйренген. Автор осындай жеткілікті лингвистикалық негіздерін этнолингвистикалық, эпиграфикалық талдау барысында тиімді пайдаланып отырады. Бұларға қоса, автор этнологиялық, географиялық, теологиялық, сондай-ақ, жаратылыстық білімдерді де жақсы игерген. Осы ерекшеліктері оның зерттеу нысандарына талдау жасау және одан қортынды шығару барысында үнемі игі ықпал жасап отырғаны байқалады.

Автор өзінің зерттеу еңбектерінде Шыңғысханды түрік текті болған деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ оның атабабасы да, өзі де қазақ даласында өмір сүрген деп дәлелдейді. Ұлытаудағы «Алаша хан күмбезін» Шыңғысқанның мазары деп қарайды. Өткенге көз жіберсек, «Дала улаяты» гәзетінің 1897-жылғы бірнеше санында «Алаша хан және оның баласы Жошы хан туралы қазақ арасында ежелден бар аңыз» де-

ген мақала жарияланғаны шындық. Аға буын ғұламаларымыз Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбасв, Ілияс Есенберлин қатарлы кісілер де осы пікірді ұстанған болатын. Алайда олардың бұл тақырыпты ашық көтеруіне заман жар бермеді. Ұлтымызға қарсы идеология ұстанған Сталопиннің «Шыңғысханның нағыз ұрқы қазақтар» деуі, Сталиннің қазақ азаматтарын «Орта Азияның Шыңғысханы» деп атауы негізсіз айтылған бос сөздер емес. Тарихи өсіп-өркендеу тұрғысынан қарасак, қазіргі моңғолдардың саны бес миллиондай ғана, ал түрік халықтары екі жүз қырық миллиондай. Мұндай саны аз халықтың орасан көп халықты жаулап алу мүмкіндігі шықдыққа жанаспайды. Қарақорымда болған немесе сол қалаға таяу жердегі Алтын ордада болып қайтқан П. Карпини мен Г. Рубрук екеуінің де сапар естеліктеріндегі маршруттық жазбалар бүгінгі Жетісу жерімен шектеледі. Бұл екеуі Қарақорымның және қаған ордасының қайда болғанын көрсететін ең нақты тарихи құжаттар. Ол жол-жазбалардан байқалатындай, Шыңғысханның ордасы түрік тілді болған, соған орай қызметкерлері, іс жүргізуші хатшылары да түгел түрік текті болатын. Орта Азия түріктерінің, соның ішінде қазақтың барлық хандары Шыңғысханның тікелей ұрпақтары, керісінше моңғолдың ешбір тайшысы Шыңғысханның ұрпағы емес. Міне осы фактілердің барлығы Тілеубердінің зерттеу бағытының дұрыс екенін көрсетеді. Біз автордың зерттеу жұмыстарын Шыңғысхантанудағы әрі жаңа, әрі дұрыс бағыт деп бағалаймыз.

**Мұрат Жұрынов.**

*академик, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті.*

**Қойшығара Салғараұлы.**

*тарих ғылымдарының докторы, профессор.*

**Бексұлтан Нұржекес-ұлы,**

*жазушы, өлкетанушы*

## 1. Шыңғысханның Ата мекені қайда?

(Бірінші дәлел)

Шыңғысхан – қазақ хандарының түп атасы, яғни Қазақ хандығының да түп атасы. Сондықтан ол – күллі тарих бойы қазақ мемлекеттілігінің де ұлы атасы, тұңғыш қағаны болып қала береді. Осы тұрғыдан Шыңғысхан тарихы дегеніміз – қазақтың мемлекеттілік тарихы болып табылады. Ал Шыңғысханды қаралау немесе жоққа шығару – қазақ халқын қаралау немесе қазақ тарихын жоққа шығару болмақ. Кезіндегі отаршыл жүйенің Шыңғысханды даттауының да, оны бізден алыстатуының да мәнісі осында. Олар біздің халқымызды үшбу алып идеологиялық тірегінен ажырата отырып, құлдық санамен бұғаулап ұлы елдігімізден айыруды, сол арқылы байтақ жерімізді басыбайлы иеленуді мақсат етті. Іш жүзінде біз 1991-жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздік жариялап үлгергенше, отаршыл күштер ұлтымызға бағыттаған осындай залымдыққа толы жоспарларының қомақты басқышын орындап үлгерген еді. Айталық, олар жеріміздің көп бөлігін телімге салды, халқымыздың басым көпшілігін қырғынға ұшыратты. Онымен де тынбай, адам мөлшері миллиондап саналатын қазақ текті ру-арыстарды басқа халықтардың атына зорлықпен жазып тастады. Сөйтіп біздің қазақ ұлты өз отанында тұрып сансырауға душар болды, өз жерінде төменшік өгей тұрғынға айналды.

Демек жаулардың бізге бағыттаған мемлекеттілігімізді күйрету саясаты Шыңғысханды мансұқтаудан басталған екен, ендеше біздің де мемлекеттілігімізді нығайту саясатымыз дәл соған қарсы бағытта – Шыңғысханды туған халқына оралту, оны ұлықтау бағытында жүргізілуі керек. Ал ол үшін, ең әуелі бұрмаланған тарихымызды ғылыми

дәлелдермен дәйектей отырып дұрыстыққа шығаруымыз шарт. Сол ғылыми дәлелдің басында: Шыңғысханның туған жері қайда? Шыңғысханның туған елі кім? Шыңғысхан қай тілде сөйлеген? Шыңғысхан қайсы дінге сенген? – сынды төрт сұрақтың жауабы тұрады. Ендеше осы төрт сұраққа тарихи құжаттардағы дәйектерге сүйене отырып қысқа, нұсқа және нақтылы да дәлелді жауап іздеп көрелік.

### **Шыңғысханның атабабасы қай өлкеде жасаған?**

Шыңғысханның атабабасының, руластарының және өзінің мекені туралы сөз болса болғаны, тарихи бастау хаттарда Сайрам (Қары-Сайрам), Талас, Екі-Өгіз, Түрген, Бұрқан (Бурхан), Жете (Чете), Ілеті (Елет), Өнен (Өнән, Өнөн), Орған (Орқан, Орхон), Керүлен (Келурен, Керелім) деген қала-кент, жер-су аттары ұшыраса кетеді және осынау ұлы тұлғаның тарихы түп-тұқиянымен осы ономастикалық атауларға байланысып өріледі. Біз «бастау хаттар» деп атағанда, негізінен «Жәмиғ ат-тауарих» (Рәшид әд-Дін), «Тарих и-жаһангүшәй» (Алаудін Атамәлік Жөбеней), «Шыңғыс-Қағанның кузауыры» («Моңғолдың құпия шежіресі») қатарлы орда авторларының жылнамалық еңбектері және Плато Карпини, Уиллиам Рубрук, Марко Поло, Одорик (Одорико Порденоне) секілді Батыс авторларының саларнамалық еңбектері, сондай-ақ «Бабырнама» (Зәхир әд-дін Мұхаммет Бабыр), «Тарихи Рәшиди» (Мұхаммет Хайдар Дулати), «Шежіре и-түрік» (Әбілғазы Баһадүр хан), «Жәмиғ ат-тауарих» (Қадырғали Жалайыри), «Тауарих хамса» (Құрбанғали Халиди) қатарлы түрік текті авторлардың өмірбаяндық еңбектері мензелген. Әрине бұл қатарға қосылуға «Моңғолдың алтын шежіресі» атты кітаптың да қақы бар.

Осылардың барлығында ұлы қаған және оның мұрагерлері туралы тарихи шындықтар, жүйеден жағырапиялық

мәліметтерге қатысты сипаттамалар әр қырынан және түрліше деңгейде нақты баяндалған. Алайда кейінгі аударушылар, зергтеушілер және оқырмандар сол деректерді әркелкі түсінген, өзгелерге де өзді-өз қалауларынанша түсіндіруге тырысқан. Бұл арада солардың басым көпшілігіне ортақ бір шындық бар, ол – Шыңғысхан сынды ұлы қағанның монғол (монғол) халқына күшпен телінуі болатын.

Баста атап өтілген қала-кент, жер-сулардың бір парасы туралы Р. әд-Дін «Әбілдә-Хан сақаралық еді. Оның жайлаулары асқаралы Ор-Тау (Ор-Тақ) мен Қаз-Тау (Кәз-Тақ) болатын. Ол жақта **Инаншы** (Инанчы) деген қала бар-тын. Бұлже-Ханның (Әбілдә-Ханның) қыстауы сол қаланың төңірегі еді. Онда Борсық (Борсұқ), Қақан (Қақиян) және Қар-Қорым (Қар-Қорұм) деп, кейде Қара-Қорым (Қара-Қорұм) деп аталатын орындар болған. Оларға жақын орналасқан Талас, Қара-Сайрам (Қары-Сайрам) деген екі қала бар екен» сынды мәлімет береді (сілтеме: «Түгел тауарихтың түбінде не жатыр» Алматы «Нұрлы-Әлем» 2011, 44-бетке, аударма түпнұсқа Р. әд-Дін «Жәмиқ ат-тауарих» («史集») Бейжің «商务印书馆» 1997, 122-бетке қараңыз). Осындағы соңғы екі қаланың жұрттары бүгінгі Тараз бен Шымкент өңірінде екені тарихшыларға да, сауатты оқырмандарға да жақсы мәлім (сілтеме: «ҚСЭ» «Сайрам», «Тараз» мақалаларына қараңыз). Ал Ор-тау (Ор-тақ) мен Қаз-Тау (Кәз-Тақ) туралы Әбілғазы «Қазырғы Ұлытау мен Кішітау дегендерді ол кезде Өртағы және Кертағы деп атайтын» деп жазады (сілтеме: Ә. Баһадұр хан «Түрік шежіресі» Күйтүн «Іле халық баспасы» 2009, 11-бетке қараңыз). Соған жалғас автор аталған екі тау олардың жайлауы екенін, ал қыстаулары Сыр бойы мен Қаракұм болып келетінін баян еткен.

Бұл арада оқырманның назар салуға тиісті бір тұсы бар, ол болса екі автордың да Шыңғысхан шыққан қауымның түп атасының қонысы туралы сөз қозғап отырғаны. Тек Р. әд-Дін

сөзді сәл арыдан, ал Ә. Бағадүр хан сөзді одан беріректен қозғайды. Алдыңғы автордың шежіресі бойынша «Барша Маңғұл (Моғол) түріктері және басқа да сақаралықтар сол кісінің (Бұлже-Ханның, Т. Ә) ұрпағы» болып табылады (*сілтеме: 60-бетке, аударма түпнұсқа 131-бетке қараңыз*). Жоғарыдағы жерлер сол кісіден, атап айтқанда Бұлже-Ханнан (Әбілдә-Ханнан) мұра болып қалған. Сондай-ақ аталмыш автор шежіресі бойынша, Бұлже-Хан (Әбілдә-Хан) есімді бұл адам Нұх ғ.с-ның не баласы, не немересі. Ол тарихи деректерге негізделі отырып бұл кісіні әйтеуір сол пайғамбар ғ.с-ға жақын заманда өмір сүрген деп қарайды.

Ал соңғы автор бойынша бұл аймақ моғол (мұғұл) түріктерінен шыққан Моғол ханның жері, әрі аталмыш иелік оның өзінен кейін үлекен ұлы Қара-Ханға мұра болып қалады (*сілтеме: 11-бет*). Одан тұңғыш рет Аллаға иман келтірген **Оғыз-Хан** туады. Осы жоғарыда аталған кісілердің, яғни аталған өлкедегі қауымның кейінгі ұрпақтарынан ұлы Шыңғысхан туады. Басқаша айтқанда жоғарыдағы баяндар Шыңғысханның тегін көрсету үшін жазылған түрік халқының шежіресі еді.

Бұл арада оқырман Р. әд-Дін берген жоғарыдағы дерек ішінен «Оларға жақын орналасқан Талас, Қара-Сайрам (Қары-Сайрам) деген екі қала бар екен» сынды мәліметке назар салғаны абзал. Өйткені «олар» делінген мекендердің ішінде Шыңғысхан тарихымен біте қайнасқан **Қара-Қорым** (Қар-Қорым) да бар. Бәрінен де маңыздысы – Сайрам мен Таластың Қара-Қорымға жақын орналасқандығы. Егер екі автор берген деректі ұштастыра талдасак, Қара-Қорым қазыргы Шымкент пен Тараз қалаларына онша алыс болмаған. Соған қоса екі автор баяндаған өлкенің көлемі бүгінгі Жамбыл облысы, Сыр бойы, Арал жағасы және Ұлытау өңірлерімен шектелетінін аталған деректердің өздері көрсетіп береді. Ендеше Шыңғысханның атабабасы мекен еткен жер бүгінгі

Моңғолия территориясымен ешбір қатыссыз екені, керісінше қазырғы **Қазақстанда** болғаны осы арада екі бастан анық дәйек тауып тұр.

Шыңғысханның атабабалары ежелгі қазақ даласында жасағаны туралы әйгілі түріктанушы және қытайтанушы ғалым Қойшығара Салғараұлы да өз еңбектерінде көп қайтара тоқталған болатын. Абыз ағамыз сондай-ақ біздің «Күпия шежіренің күпиясы» атты кітабымызға да әр кездері жылы пікірлер айтып келеді (*сілтеме: Қ. Салғараұлы «Мыңғұл мен моңғол және үш Шыңғысхан» Алматы «Үш Қиян» 2013*).

Әрине дәл мына тұста Марал Ысқақбайұлы ақсақалдың тұжырымымен санаспауға болмайды. Ол кісі «Жер-су атының ұзақ замандар бойы өзгеріссіз сақталуы, сол өңірді мекендеген халықтың тұрақты қоныстанып келе жатқанының көрсеткіші» деп қарайды. Ақиқатында да топонимдер мен гидронимдердің қалыптасуы этнопсихология мен этнофилософияға, сонымен бірге және ең бастысы этнолингвистикаға байланысты болғандықтан, этностардың жойылуы, олар қалыптастырған атаулардың да жойылуын тудырмай қалмайды. Дәл соның керісінше қазақ даласында, әсіресе оңтүстіктегі отырықты аймақтарда ғасырлар бойы, тіпті мыңдаған жылдар бойы фонетикалық құрылысы жақтан да, лексикалық мағынасы жақтан да аса өзгеріске ұшырамай сақталып келе жатқан жер мен су және қала мен кент аттары өте көп. Осындай қарапайым тарихи шындықтарға негізделе отырып та Шыңғысхан «шығыстан келген» дейтін, «моңғол шапқыншылы» дейтін жасанды тарихи терминдер қазаққа мүлде жат деген логикалық қортынды шығаруға әбден болады.

Бұл арада «жасанды тарихи термин» деген тіркесті қолданып отырған себебіміз, сол заман куәгерлерінен қалған тарихи құжаттарда «миграция» немесе халықтың қотарыла «босуы», елдің жаппай «аууы» туралы еш дерек айтылмаған. Керісінше жоғарыдағы Р. әд-Дін мен Ә. Бағадүр деректері

осындағы халықтың Нұқ ғ.с. заманынан бері әлгіңдейлер айтқандай күрделі миграцияға ұшырамағанын, ұлы тұлғадан тұрақты қоныстанып келе жатқанын көрсетеді. Тіпті Шыңғысханның тірі кезінде өмірге келіп, кейін тағдырдың жарылқауымен өмір бойы ордада мәртебелі қызмет атқарған, Қара-Қорымда үш мәрте айлап-жылдап болып қайтқан Атамәлік Жөбенейдің өзі ұлы қағанның атамекені туралы тек «Тұран», «Түркістан», «Моғолстан» деген территориялық атауларды атайды. Осындағы алдыңғы екі атау территориялық мағынасы жағынан қарайлас келеді де, көбінеки Сыр бойынан шығысқа қарайғы отырықшы, бау-бақшалы аймақты меңзейді.

Ұлтжанды ақын бабамыз Мағжан Жұмабай да Түкістан, Тұран, Шыңғысхан деген ұғымдарды түрік халықтарының ұраны, мақтанышы ретінде байланыстыра жырлаған. Ол кісінің әйгілі «Түркістан» поэмасындағы:

«Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып өскен»,-

деген, немесе:

«Тұранға жержүзінде жер жеткен бе,  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?  
Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Дәнішпан, тұңғыық ой, болат жігер»,-

деген жолдар соның айғағы (*сілтеме: үзінді күйші, сазгер, Мемлекеттік сұлықтың иегері Шәміл Әбілтайдың осы аттас толғауынан алынды*). Өзіңіз куә болғандай, мұнда Мағжан бабамыз Шыңғысханды Тұранның ері деп мақтанышпен, сағынышпен жырлаған. Бұл ұлы жыр тарихи төркіні жағынан жоғарыдағы бастау хат деректерімен ұштасып жатса, әдеби мазмұны жағынан халқымыздың Түркістан мен Шыңғысханды ұлы түріктің тірегі, ұйтқысы деп білетін

ұлттық танымын әйгілеген. Бәрінен де маңыздысы: тарихи бастауахаттарда да, ұлтымыздың қызыл отарлық жүйеге дейінгі тарихи түсінігінде де ешқашан «қалмақ қанды», «моңғолиялық қарастылықтағы» не Шыңғысхан, не Әмір-Темір болмаған. Бұл сөзімізді Сұлтанмахмұт Торыайғырдың, Ақан серінің өлеңдері де қостай түседі (*Бірі Шыңғысхан әулетін Еуропаның царларынан үстем қойса, екіншісі Әмір Темірді жігіттің падишасы деп ұлықтайды*).

### **Моғолстан немесе Моғолия қайда?**

Ол – Жетісудың тарихи аты, әсте қазырғы Монғолия емес. Егер тарихқа шындап зер салсаңыз, Моғолстан қазақ мелекетілігі үшін аса маңызды территориялық атау екенін түсініп жететін боласыз. Оның шығысы Тарбағатай тауларына тіреледі де, батысы Шу бойына дейін жетеді. Моғолстан туралы «Бабырнама» мен «Тарихи Рәшидиде» анық деректер бар. Қазақ хандығы дәл осы Моғолстанның батысындағы Қозыбасы деген жерде құрылған. Сондықтан «Моғолстан» деген атау қазақ қанды, ұлтжанды әрбір адамға аса қасиетті болуға тиіс. Мұхаммет Хайдар Дулатиге сілтеме жасай отырып «ҚСЭ» «Жәнібек хан мен Керей хан одан (Әбілхайыр ханнан, Ә. Т) Моғолстанға қашып барды. Есенбұға хан оларды құшпақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді... Қазақ сұлтандары сегіз жүз жетпісінші жылдары (1465 – 1466ж.) билей бастады...» деп жазады (*сілтеме: «ҚСЭ» «Қазақ хандығы» мақаласы, 6-том 384-бетке қараңыз*). «Қазақ тарихы» энциклопедиялық анықтамалығында да дәл осыған меңзес дерек келтірілген, онда «Қозыбасы, Қозыбашы – Қазақ мемлекеті құрылған аумақ... Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» кітабында Қазақ хандығының құрылған жері – Шу бойы мен Қозыбасы деп айтылады. Ол 14 ғ. мен 15 ғ-ның басында өмір

сүрген Моғолстан мемлекетінің батыс бөлігіндегі өңір болып табылады» делінген (*сілтеме: аталған кітап Алматы «Аруана» 2010, «Қозыбасы» мақаласы, 518-бетке қараңыз*). Ал тағы бір ғұлама бабамыз Әлкей Марғұлан сонау 1941-жылы «Жетісудың сол кездегі саяси аты Моғолстан болса, мекендеген тайпалары ресми тілде Моғол деп аталды. Бірақ бұл Моғол деп отырған көшпелі тайпалар моңғол да емес, ұйғыр да емес, түрік тілінде сөйлейтін сол жердің тарихи заманнан келе жатқан тұрғын халқы болатын. Екінші түрде айтқанда, моғол деп аталған елдер кейін ұлы жүз құрамына кірген үйсін-дулат, қанлы мен шаңышқылы, жалайырлар» деп жазған болатын (*сілтеме: «Моғолстан. Моғолдар дегеніміз кімдер?» Мұхтар Қазыбек, «Ана тілі» № 27 (1233) 10-16-шілде 2014*). Демек ежелгі Моғолстан мен бүгінгі Моңғолияның үш қайнаса сорпасы қосыямайтын аймақтар. Баста айтқанымыздай, ежелгі Моғолстан (Маңғұлстан) дегеніміз – бүгінгі Жетісу. Адами тұрғыдан алғанда әрбір есті қазақ осы екі атауды – Моғолстан мен Моңғолияны шатастырмауға, айқын парықтай білуге міндетті.

### **Ұйғыр мен маңғұл (моғол) арасында қандай этникалық байланыс бар?**

Рәшид әд-Дін «Ұйғыр мен маңғұл (моғол, Т. Ә) екеуі де түрік болғандықтан, олардың жұрты Маңғұлстанда (Моғолстанда) қанаттасып жатыр. Сонымен бірге осы кітапта баяндап көрсеткеніміздей, екеуі де **Оғыздан** таралған аталас туыс» деп өте анық дерек береді (*сілтеме: жоғарыдағы кітап 86-бетке қараңыз*). Өзіңіз оқып отырғаныңыздай, автор маңғұлдың (моғолдың) ұйғырмен бір туысатынын, екеуінің де Оғыздан тарайтын **нағыз түрік** екенін қолмен қойғандай ашалап, мүшелеп түсіндірген. Бұл арада оқырман жанылатындай еш түйткіл жоқ.

Ал «Моғолға (манғұлға) қандай түрік жатады?» деген сұраққа келсек, Р. әд-Дін оны үлкен екі тармаққа бөліп таратады. Соның 1-тармағына жалайыр бастатқан бірқанша түрік руларын, 2-тармағына керей бастатқан бірқанша түрік руларын жатқызады (*сілтеме: 53-бет*). Осылардың ішінде жалайырдың ежелгі Моғолстанды, бүгінгі Жетісуды менкендеп отырған аса байырғы түрік руы екені баршаға аян. Қорта келгенде, аталған тарихи дәйектер бізге ежелгі моғолдың – бүгінгі моңғол емес екенін, ежелгі Моғолстанның – бүгінгі Моңғолия емес екенін анық көрсетіп береді. Ендеше Шыңғысханның «моңғолиялық» емес екенін осы келтірілген дәйектерден тағы бір қайтара, әрі өте айқын көруге болады. Қысқасы ұйғыр (ұйғур) мен манғұл (моғол) екеуі де кемінде сонау Қара хан мен Оғыз хан заманынан бері бірге жасасып келе жатқан бауырлас, діндес түркі этностар.

Бұл арада «Олай болса ұйғыр деген кім, моғол деген кім?» дейтін сұрақтар тағы туындайды. Біз осы арада бұларға шамалы аялдаймызда, баянымыздың жалғасына «Ежелгі ұйғыр (ұйғур) этносы кім?», «Ежелгі моғол (манғұл) этносы кім?» деген тақырыптарда жалғасты тоқталатын боламыз. Р. әд-Діннің айтуынша Қара-Ханның баласы Оғыз-Хан Аллаға иман келтіргендіктен оған әкесі және аға-бауырлары жабал қарсы тұрады да, соның салдарынан ұлыс екіге бөлініп кетеді. Сөйтіп Оғызға бағынбай шығысқа маңып кеткендері манғұл атанады да, батыста қалып Оғызға ұйығандары **ұйғыр** деп аталады. Бұл атаудың лексикалық мағнасын автор «Өйткені бұл сөз түрік тілінде ұю, ұйымдасу деген мағына беруші еді» деп түсіндіреді (*сілтеме: 62-бет*). Атаудың мағынасына тағы айланып соққан автор «Осы түрік сөзін парсышаласак «ұюшы», «ұйығыш» деген мағына береді» деп қайталай түсінік жасаған (*сілтеме: 73-бет*).

Жоғарғы дәйекте атап көрсетілгендей, Р. әд-Дін тіпті «ұйғыр» (ұйғур) сөзінің этимологиясына дейін ашалап,

бұл атау түріктің «ұйымақ» сөзінен шыққанын, ол тілде сүттің ұюын солай (ұйымақ) деп айтатынын егжей-тегжейлі түсіндіреді. Келесі қадамда автор бұл этносқа «Ұйғыр руы» деген айырым бір тарау арнап, онда «Дестірдің кіріспесінде айтқанымыздай, Нұқ ғ.с-ның баласы Әбілже, яғни Әпес (Яфес) болатын. Одан Дай-Бакұй, одан Қара-Хан, ал оның баласы Оғыз еді. Ол Аллаға иман келтіргендіктен көкелері, аға-інілері, немере туыстары оған соғыс ашты. Бір бөлім туыстары оған болысты. Ал қарсы шыққандары одан жеңіліп, қарамағындағы ел-жұртын алдырды. Сонда ол құрылтай ашып өзін қолдаған әмірлеріне, жасақтарына және ниеті бір туыстарына «ұйғыр» деген атақ берді» деп баяндайды (*сілтеме: 288-бет*).

Жоғарыдағы дәйектерден біз бірнеше тарихи мағлұматқа ие боламыз: ең әуелі түсінегіміз, ту баста ұйғыр мен манғұл екеуі біртұтас ел болған және екеуі де **Қара-Ханға** қараған. Кейінгі заманда, Оғыз хан тұсында бір бөлім қауым батыста қалып Оғыз хан төңірегіне ұйыған, әрі соған орай ұйғыр (уйғур) деген атқа ие болған, енді бір бөлім қауым шығысқа маңып (ауып) соған орай манғұл (моғол) атанған.

Онан соңғы ұққанымыз, бұл екі қауым о баста бір болғандықтан, екіге ажыраған соң да олардың этникалық тегі өзгермегені. Яғни ұйғыр таза түрік болса, онымен бірге туған манғұл (моғол) да талассыз түрде нағыз түрік болады.

Қол жеткізген үшінші мағлұматты айтпас бұрын «Қазырғы манғұлдар солардың ұрпағымыз деп бір ауыздан мойындайды. Олар сол бір кезде ғана кәпір еді. Артынан тұтас үрім-бұтақтарымен қанып (қаниф) болды» сынды дәйекті ұсынамыз (*сілтеме: 62-бет*). Әрі осы дәйекке сүйене отырып манғұлдар (моғолдар) сонау Оғыз хан заманынан бері Аллаға иман келтірген деген бұл тартпас қортындыға келеміз. Ал осы заманғы қалқа және қалмақ моңғолдары еш уақытта Аллаға иман келтірмеген. Яғни олар Ибраһим ғ.с-ның дінінде де,

Мұхаммет с.ғ.с-ның дінінде де болып көрген емес.

Осындағы «Қазырғы маңғұлдар солардың ұрпағымыз деп бір ауыздан мойындайды» деген сөйлемге сүйене отырып төртінші мағлұматқа қол жеткіземіз. Дәлін айтқанда Оғыз хан заманынан Р. әд-Дін тұсына дейінгі моғолдардың (маңғұлдардың) этникалық құрамы ешқандай өзгеріске түспеген. Егер олардың этникалық құрамы азғындаса, тілі мен діні өзгеріп кетсе «...солардың ұрпағымыз деп бір ауыздан мойындамас» еді ғой.

Осынау дәйектер мен деректердің басын біріктірсек, төмендегідей қортынды шығады: Шыңғысхан тарихындағы ұйғыр (үйгүр) мен моғол (маңғұл) әрі түбі бір туыс болған, әрі екеуі де талассыз түрде нағыз түрік болатын. Сонымен бірге олардың екеуі де сонау Оғыз хан заманынан Шыңғысхан заманына дейін бір Аллаға иман келтіруші қауым болатын. Яғни ертеде қанып (қаниф), кейін хақ мұсылман болған. Сөз осы араға жеткенде ежелгі ұйғырлардың бүгінгі ұрпақтары кім екенін айтпай тұра тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап іздеп көрелік (*төмендегі «Ежелгі ұйғыр (үйгүр) этносы кім?» деген тақырыпқа қараңыз*).

### **Р. әд-Дін жазған «батыс» пен «шығыс» ұғымдарының жағырапиялық мағынасы қандай?**

Автор Оғыз хан туралы сөз қозғағанда ұйғыр (үйгүр) мен маңғұл (моғол) жайлы, сондай-ақ алдыңғысының батыс жақта қалғаны, соңғысының шығыс жаққа кеткені жайлы баяндайды. Алдымен «Ақыры Оғыз жеңді. Талас пен Сайрамнан тартып Бұқара аймағына дейінгі ұланғайыр өңір оның заңды иелігіне айналды. Оған қарсы болған туған және немере туыстары, руластары шығысқа қарай ығысты» сынды жолдарға назар салайық (*сілтеме: 62-бет*). Мұнда айтылған территориялардың ең шығысында **Талас** тұр.

Аталған қалаларды басып өтетін бойлық сызықтары бойынша қарағанда: оның батысында Сайрам, ал **Бұқара** оның батысында болады. Енді осы келтірілген дәйектегі «шығысқа қарай ығысты» деген тіркеске назар салсақ, автор мензеген «батыс» пен «шығыстың» шегарасы Талас аймағы, яғни бүгінгі Жамбыл облысы көлемі екенін аңғарамыз. Бұл жоғарыда айтылған Қазақ хандығы орда тіккен жерге, яғни Моғолстанның батыс шетіне тура келеді.

Осы нақты деректерге қарай отырып біз мынадай екі қортынды шығарамыз:

Біріншіден, **Моғолстан** (Маңғұлстан) деген тарихи территориялық атау, кемінде Оғыз хан заманында қалыптасқан.

Екіншіден, Моғолстанның батыс шегарасы сонау Оғыз хан заманынан Қазақ хандығы заманына дейін Талас өңірімен шектесіп жатқан. Р. әд-Діннің тарихи және территориялық түсінігіне орай ой қорытсақ, «батыс» пен «шығыстың», яғни Ұйғырстан (Ұйғұрстан) мен Моғолстанның (Маңғұлстанның) шегарасы ежелдің ең күнінен Талас өңірі болған.

Айтып өткеніміздей бұл тарихи территориялық түсінік кемінде Қазақ хандығы Қозыбасыға орда тіккен заманға дейін, екінші сөзбен айтқанда, тіпті Мұхаммет Хайдар Дулатидің тұсына дейін жалғасқан. Дулати бабамыз Моғолстан ағауын тарихи территориялық ұғым тұрғысынан **Жете** деп, яғни бүгінгі **Жетісу** деп көрсеткен. Ал дәл өз тұсындағы саяси территориялық иелік тұрғысынан Моғолстанның аумағын одан әлде қайда кеңейтіп, Шағатай хан әулетінің еншісі есебінде баяндайды. Бұл жағдайда: оның шығысы Барыскөлге жетсе, солтүстігі мен оңтүстігі Ертіс және Қашғарияға тіреледі. Ал батысы тағы да Шу, Талас өңірі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ежелгі Моғолстан (Маңғұлстан) немесе Жете (Чете), бүгінгі Жетісу – күллі түрік тарихи үшін, жүйеден қазақ тарихы үшін аса маңызды, әрі тағдырлы, әрі құтты болған байырғы өлке. Осын-

дай ұлы маңызға ие өлкемізді қазыргы Моңғолия (МХР) территориясымен шатастыра беру. ендігі жерде: тарихи тұрғыдан **сауатсыздыққа**, ұлттық идеология тұрғысынан **мәңгүрттікке** апарып соғатын салдары ауыр ағаттық болмақ.

Сол сияқты ертедегі Ұйғырстан (Ұйғұрстан) мен кешегі Маңдайсүбені (Манлайсүбені) немесе Қашғарияны (Қашқарияны), бүгінгі Оңтүстік Шынжаңды да шатастыруға болмайды. Р. әд-Діннен келтірген жоғарыдағы дәйекте айтылғандай, ежелгі Ұйғырстан (Ұйғұрстан) Бұқара (Бұхара) мен Таластың аралығындағы ұланбайтақ өлке болатын. Осы қортындыға орай айтарымыз, әрі алдыңғы кітаптарда да атап айтқанымыздай: ежелгі **моғол** (маңғұл) этносы мен бүгінгі моңғол (монгол) ұлтын, ежелгі **ұйғыр** (ұйғұр) этносы мен бүгінгі ұйғыр (ұйғұр) ұлтын шатастыруға да болмайды (*сілтеме: алдағы «Ежелгі ұйғыр (ұйғұр) этносы кім?», «Ежелгі моғол (маңғұл) этносы кім?» деген тақырыптарға қараңыз*).

### **Оғыз ханға қарасты қауым немесе оғыз (оғұз) түріктері кімдер?**

«Жәмиқ ат-тауарихтың» бірінші дәптер 1-бөлімінде, яғни «Кіріспеден» кейінгі «Бірінші тарауын» бастар алдында Р. әд-Дін «Оғыз және оның үрім-бұтағы мен жақтас болған туыстарынан таралған 24 рудың тарихы мен шежіресі. Олардан таралған бұл рулар: ұйғыр, қыпшақ, қаңлы, қарлық және қылыш (қалаш) болып табылады. Мұнда айтылғандар – танымал тұлғалар берген және олар біртұтас растаған мәліметтер» деген аңдатпа береді (*сілтеме: 60-бет*). Автор осы тараудың соңында «Ұйғыр руы», «Қаңлы руы», «Қыпшақ руы», «Қарлық руы», «Қылыш руы» және «Ағаш-Ері руы» деген шағын-шағын тақырыптар арқылы аталған руларды қысқаша таныстырып өткен (*сілтеме: 73 – 83-бет*).

тер). Осы деректерге сүйене отырып Оғыз ханға қарасты түріктер дегеннің, оғыз түріктері дегеннің ұйғыр (үйгүр), қаңлы (қанклы), қыпшақ (қыпчак), қарлық (қарлұқ), қылыш (қалаш) және ағаш-ері (ағач-ері) қатарлы алты арыс түрік қауымы екеніне анық көз жеткіземіз.

Ал олардың ішінде ноктагалық орынды қайсысы неленіп еді дегенге келсек, тағы да автордың өзіне жүгінуге тура келеді. Р. әд-Дін «Ұйғыр руы» тақырыбында «Бұл қауым бастан ақыр Оғызбен бірге болды. Оғыз жорыққа аттанбақ болса, ұйғырлар сай-саладан құйылып кететін. Арттағы елін де өзі оралғанша солар қорғап тұратын. Барша ұйғыр рулары солардан шыққан» деген дерек ұсынады (*сілтеме: 73-бет*). Ал «Ұйғыр руы» атты арнаулы тарауда автор «Сонда ол (Оғыз. Т. Ә) құрылтай ашып өзін қолдаған әміршілеріне, жасақтарына және ниеті бір туыстарына **«Ұйғыр»** деген атақ берді. Бұл сөз түрік тілінде «үюшы», «ұйысушы» деген мағына береді» деп жазған (*сілтеме: 288-бет*). Бұл деректер бізге Оғыз құрған ұлы қағанаттың ұйытушысы – тіректік тайпасы, титүндық этнос **ұйғыр** екенін анық көрсетіп береді. Ал қаған немесе хан шыққан тайпа ғана ұлыстың ұйтқысы болатыны баршаға аян. Осы тұрғыдан қарағанда, **Оғыз ханның өзінің де ұйғыр екеніне ешқандай талас жүрмейді.**

Жоғарыдағы деректер мен дәйектердің бастарын қосып қортынды шығарсақ, Оғыз хан қауымы немесе оғыз түріктері дегеніміз ұйғыр, қаңлы, қыпшақ, қарлық, қылыш (қалаш) және ағаш-ері деген алты арыс түрік руының жалпы аты. Олардың ұйтқысы, яғни хан (қаған) әулеті шыққан жетекті ру **ұйғыр (үйгүр)** болатын. Ал ұйғырдың кім екені туралы алдағы «Ежелгі ұйғыр (үйгүр) этносы кім?» атты тақырыпта тоқталамыз.

## Кен мағнадағы Ұйғырстанды (Ұйғұрстанды) қалай түсінеміз?

Барлық түркі ірі арыстар ұзақ тарих барысында қалыптасып, күшейіп, ұлыстық дәрежеге көтеріліп отырған. Соған орай оларды көрсететін этнонимдердің мағынасы және олар қоныстанған территорияның ауқымы сәйкесті түрде өзгеріске ұшырап тұратын. Осындай өзгерістерге орай, ру-арыстардың территориялық аумағына байланысты: «енші» (енчү) – төл иелік, «сыйұрғал» (сыйлық жер) – вассал иелік сынды атаулар қалыптасқан. Мұндай тарихи сипатты ерекшеліктен ұйғыр арысының аты да, олардың иелік аумағы болған Ұйғырстан сынды территориялық атау да тысқары емес-тін. Жоғарыда айтылған Талас және оған батысқа қарайғы Бұқара аймағын қамтыған өлке ұйғыр арысының еншісі, яғни төл территориясы, өздеріне тиесілі иеліктері болатын.

Ал кен мағынадағы Ұйғырстан туралы «Жәмиқ атауариф» егжей-тегжейлі түрде «Айтуларға қарағанда, Ұйғырстанда екі асқаралы тау бар екен. Бірінің аты Бураты-Бозлық (Бұқратұ-Бозлұқ), енді бірінің аты Ұшқынлық-Тәнірім (Ұшқұллұқ-Тәнірім). **Қара-Қорым** тауы осы екі таудың арасындағы аймақта. Үкітей-Қағанның салдырған қаласы да сол таудың атымен аталады. Екі таудың жанында Құрт-Так деген де тау бар. Жоғарыда айтылған екі тау өңірінің бірінде он өзен, енді бірінде тоғыз өзен бар екен. Ерте заманнан ұйғыр руларының жұрты әлгі өзендердің бойында, сондағы тау мен далада болған. Он өзен бойындағылар «Он-Ұйғыр» деп, тоғыз өзен бойындағылары «Тоғыз-Ұйғыр» деп аталған. Әлгі он өзен «Он-Арғын» (Он-Пргүн) деп аталыпты. Олар Ен-Шілік, От-Өңір, Бұқыр, Озған-Дәрия, Толар, Талдар, Адыр, Үш-Табын, Қамланшы және Өтеген» сынды мағлұмат ұсынады (*сілтеме: 288-бет*). Біз жоғарыдағы еңбегімізде

осындағы атаулардың әрбіріне жеке-жеке тоқталған болатынбыз. Алайда «Қамланшы» деген атаудың аударма түпнұсқадағы жазылуы күнгірт болғандықтан, ол туралы екіұдай күйде қалғанбыз. Дегенмен сол күнгірттікті «Тарих и-жаһангушай» мен «Түрік тілі сөздігі» айқындап берді. Сол Қамланшы туралы М. Қашғари бабамыз «Қамланшы (Қамланчү), ол Екі-Өгізге (Еккі-Өгүз) өте жақын орналасқан бір кент» деп көрсетеді (сілтеме: М. Қашғари «Түрік тілі сөздігі» («突厥語大詞典») Бейжің «Ұлттар баспасы» 2002. 3-том 238-бет). Ал Екі-Өгіздің топографиялық орны туралы «Іле арнасы мен Яфініч арнасының арасына орналасқан бір шекаралық қала «Екі-Өгіз», яғни екі өзен кенті деп аталады» сынды дерек ұсынады (сілтеме: 1-том 64-бет). Бұл екі дерек өзара ұштаса келе бізге **Қамланшының** (Қамланчү) Іле бойына жақын орналасқанын көрсетіп береді.

Біз осы екі автордың баяндарын үйлестіре отырып кен мағынадағы **Ұйғырстан** Моғолстанды да, яғни Жетісуды да өз ішіне алатынына анық көз жеткіземіз. Өз кезегінде біз бұған қарай отырып ұйғыр (үйгүр) және маңғұл (моғол) сынды этнонимдердің мағыналық аясы да сәйкесті өзгеріске түсіп отырғанын аңғара аламыз. Демек Ұйғырстан мен Қашғария (Оңтүстік Шыңжаң), Моғолстан мен Моңғолия (МХР) еш тарихи сабақтастықтары жоқ мүлде басқа-басқа территориялық ұғымдар болатын. Дәл сол сияқты ежелгі моғол (маңғол) мен бүгінгі моңғол (монғол), ежелгі ұйғыр (ұыгүр) мен бүгінгі ұйғыр (үйгүр) этностарының арасында да ешбір тіке этногенездік байланыс жоқ.

Бұл тақырыпта келтірілген тарихи дәйектерді қорғындылай келгенде: Шыңғысханның Қара-Ханнан Қайдау (Қайду) ханға дейінгі атабабалары Моғолстанның батысы мен Ұйғырстанда жасаған. Олардың атақоныстары, яғни жайлаулары мен қыстаулары **Ұлытау, Кішітау** өңірлерінде. **Талас, Сайрам** аймақтарында және **Сыр** мен **Арал**

жағаларында болған. Ал бұл әулеттің Қайдау ханнан кейінгі, сондай-ақ Шыңғысханның өзі мен мұрагерлері тұсындағы қоныстарының қайда болғанына төменде тоқталамыз.

### Шыңғысханның туған жері қайда?

Барлық дерлік бастаухаттарда Шыңғысханның туған жері, өскен өлкесі есебінде айтылатын төрт түрлі топоним немесе гидроним бар. Олар: **Бұрқан** (Бурхан), **Түрген** (Тургене), **Өнен** (Онон), **Керелім** (Керулен /Кері-өлең, *Б. Нұржеке-ұлы бойынша*), Хэрлин) қатарлы тау, өзен аттары. Мұның ішіндегі алдыңғы екеуі, яғни Бұрқан мен Түрген Шыңғысханның балалық, жігіттік шағындағы тіршілік еткен жерлері және әлеуметтік қимылдарға араласқан ортасы болып табылады. Бірақ Шыңғысханды «моңғол» деушілер мұндай атты жер-суды қазырғы Моңғолия территориясынан да, тіпті күллі шығыс солтүстік Сібір өлкесінен де тауып бере алған жоқ. Нақтылап айтқанда ондай атты жерлер ол жақта арғы тарихта да, бергі тарихта да болмаған. Керісінше, дәл сол Бұрхан мен Түрген деген жер-су Жетісу жерінде ежелден бүгінге дейін бар. Олардың аты ертеден бері қазқалпында сақталып келе жатқанын Бексұлтан Нұржеке-ұлы ақсақал XIX ғасырдың 50-жылдарында осында болған әйгілі географ Шоқан Уәлиханов қалдырған жазбаларға, сондай-ақ әйні ғасырлардан қалған атластарға сілтеме жасай отырып дәлелдеген еді. Шыңғысхан тарихы туралы, әсіресе ондағы топоним, гидроним және этнонимдер туралы терең білгісі келген оқырманның төменде көрсетілген мақалаларды кемінде бір қайтара оқып шыққаны абзал (*сілтеме: Бексұлтан Нұржеке-ұлы «Шыңғысхан Іле өңірінің ұланы» №17 (3285) 27.04. 2012, «Шыңғысханның атамекені туралы шындықты неге білмей келдік?» №35 (3303) 24.08. 2012, «Шыңғысхан туралы тарихшылар не дейді, тарих не дейді?» 15.03. 2013,*